

Дәріс № 1. Халықаралық саясаттың танымы

Дәріс жоспары:

1. Халықаралық саясаттың танымы
2. Тарихи тұрғыдан халықаралық саясат
3. Халықаралық саясаттың дамуында Кант, Гоббес және Гроотиус философиялары
4. Екі дүниежүзілік соғыс арасындағы халықаралық саясат

Дәріс мақсаты: Бұл тақырыпта халықаралық саясат ұғымының танымын үйренеді. Тарихи тұрғыдан халықаралық саясаттың дамуын түсіндіру мақсат етіледі. Дипломатия, халықаралық құқық, ұлыс мемлекет және егемендік ұғымдарының мағынасын түсініп, танымын жасай алады. Халықаралық саясаттың академиялық дисциплина ретінде даму үдерісінің теориялық және методологиялық айтыс-тартыстарын тұжырымдай алатын қабілет пен білімге ие болады. Бұл тақырыпты оқу барысында халықаралық саясат, халықаралық құқық, дипломатия, ұлыс мемлекет, егемендік, күш, мүдде, анархия, талдау деңгейі секілді бағыттар бойынша жұмыс жасалады.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мазмұны:

1. Халықаралық саясаттың танымы

Халықаралық саясат баста мемлекеттен бастап халықаралық жүйедегі негізгі акторлардың бір-бірімен болатын саяси қарым-қатынасын зерттейтін пән. Халықаралық саясат халықаралық акторлардың ұстанымын, іс-әрекеттерінің танымын жасайды. Халықаралық қатынастар халықаралық барлық акторлардың саяси іс-әрекеттерінен бастап мәдени қарым-қатынасқа, спорт, экономика, халықаралық құқық секілді кең салада жұмыс жүргізетін пән болса, халықаралық саясат тек осының саяси жағын ғана қарастырады.

Тарихи тұрғыдан халықаралық саясаттың даму үдерісін антикалық грек мәдениетінен, б.д.д. 4 ғасырдағы Пеллепоннес соғыстарынан бастауға болады. Пеллепоннес соғысы Спарта мен Афина қала-мемлекеттерінің арасында б.д.б. 431-404 жылдар арасында болған соғыс. Соғыс Афинаның құлауымен нәтижеленді. Алайда, модерн ұғымдағы ұлыс 1648 жылы Вестфалия келісім-шартымен құрылды. Осыған орай халықаралық саясат тарихын түсіну үшін 18 және XIX ғасырлардағы Еуропа құрылығындағы күштер тепе- теңдігі жүйесін, либерализмнің Еуропа концертін бұзуы, қырғи қабақ соғыс кезіндегі екі полярлы жүйе және қырғи қабақ соғыстан кейін пайда болған, АҚШ-тың ең күшті мемлекет ретінде қалған, алайда әртүрлі аймақтық күштердің де ықпалы болған жаңа құрылымды сараптау қажет.

Вестфалия келісім-шартынан 70 жыл бұрын (1576-да) саясат пәлсафашысы Джан Бодин «Мемлекет туралы алты кітап» атты еңбегінде егемендік ұғымын алғаш рет сипаттайды. Бодиннің айтуы бойынша,

егемендік бүкіл азаматтар мен отандастарға қатысты заңмен шектелмеген, шексіз, абсолютті және ең жоғарғы билік.

Мемлекеттердің өз елдеріне (территориясына) толықтай егемен деген қағида олардың арасындағы қатынастарды да заңды түрде реттеу қажеттілігін туғызды. Қазіргі кезде халықаралық құқық деп аталатын осы ережелердің пайда болуында маңызды рол атқарған ойшыл Гюго Гротius болды. Нидерланд заңгері мемлекеттік егемендікті анықтаудағы негізгі қағидаттарды, сондай-ақ осы егемендіктің шекараларын нақтылау барысында көпшілігі күні бүгінге дейін қолданыстағы принциптерді жетілдірді.

Осы қағидалардың ішінде «ашық теңіздердің еркіндігі» теңіз құқығын жетілдіруде негіз болды. Гротiusстың жетілдірден «әділ соғыс» қағидасына сәйкес, соғыс тек өзін-өзі қорғау, жазалау және меншік құқығын қалпына келтіру жағдайында ғана заңды бола алады. Осылайша, мемлекеттер арасындағы қатынастарда соңғы құрал ретінде жүгінуге тура келетін соғыс құқықи сипатқа ие болды. Г.Гротiusстың халықаралық құқыққа қосқан тағы бір маңызды үлесі - оның дипломатияның жұмыс істеу принципіне қатынсты ойлары болды. Г.Гротius дипломаттар аккредитацияланған мемлекеттерде жауапқа тартуға қарсы иммунитетке ие болуы керектеді. Бүгінгі таңда негізгі қағида ретінде қабылданған бұл қағида өзге дипломатиялық ережелер де қалыптасқан 1815 жылы Вена конгресімен бірге халықаралық-құқықтық нормаға айналды. Халықаралық саясаттың маңызды салаларының бірі болып табылатын дипломатия халықтар арасындағы келіссөздер мен қатынастарды өкілдер арқылы жүргізетін әрі осы қатынастарды талдайтын ғылым ретінде анықталған.

Вена конгресі дипломатиялық процедураларды анықтауда маңызды орынға ие болғанымен, дипломатия білімінің дамуында бүкіл тарих бойында көптеген маңызды ойшылдар мен мемлекет қайраткерлері дипломатияның дамуына ықпал етті. Никколо Макиавелли, Франческо Гуиккардини, Уго Гротius, Ришелье, Абрахам де Уиккэфорт, Франсуа де Кальерес және Эрнест Сатовты осы ғылымның дамуына үлес қосқан ойшылдар мен мемлекет қайраткерлерінің қатарына қосуға болады.

2.Тарихи тұрғыдан халықаралық саясат

Вестфалия келісімімен егемендіктері танылған мемлекеттер Вена конгресі арқылы араларындағы қарым-қатынастың сипатын анықтап жаңа халықаралық тәртіп қалыптастырды. Еуропа концертті деп аталатын осы жаңа жүйенің негізгі принциптері жарғы(заң) және ұлыстар арасында жақсы қарым-қатынаста болу. Бұл жүйе Наполеон соғыстарының жеңімпаздары болған Англия, Ресей, Австрия және Пруссияның Еуропадағы мәселелерді соғыссыз шешу әрекеті деуге болады. Бұл сұрақтардың негізгі тамыры XV ғасырда Испания мен Португалияда басталған ұлтшылдықта, бүкіл Еуропаны шарпып, көпұлтты империялардың ыдырауына қауіп төндірген 1789 жылғы Франциядағы төңкерістен бастау алуда еді. XIX ғасырдағы бейбітшілік кезеңі

конференциялар тәсілімен Еуропа құрылығындағы мәселелердің бірсыпырасын сол кездегі күштер балансына зиян берместен шешудің арқасында қол жеткізілген. Алайда бұл тәртіп ұлтшылдықтың, оның саяси жүйесі болған либерализмнің жайылуына кедергі бола алмады. Бұл тәртіп Бельгияның 1830-да тәуелсіздігін жария етумен бұзылды. Бұның артынша Польшада басталған ұлтшылдық көтерілісін Ресейдің аясыз түрде басуы Еуропада ұлтшылдар дәуірін бастады. 1830 және 1848 төңкерістері Француз төңкерістерінің ұлтшыл және либерал пікірлерінің бүкіл Еуропа халықтары тарапынан шынайы түрде қабылдауына себепші болды. Ескі жүйенің символы Австрия премьер-министрі Миттернихтің қатал бастыру әрекеттеріне қарамастан ұлтшылдық жеңді. Османлы мемлекетінің Балкан жеріндегі Грецияның (1829) тәуелсіздік алуына себеп болған бұл үдеріс Еуропалық күштердің Латын Америкадағы отарларына да әсер етті. Колумбия(1819), Боливия(1821), Мексика(1824) өз тәуелсіздігін жариялады. Латын Америкадағы отарларын жоғалтқан Еуропалық мемлекеттер 1840-1860 жылдарда Қиыр Шығысты отарлау арқылы өз зарарларының орнын толтыруға әрекеттенді. Қытай мен Жапонияның отарлау үдерісіне АҚШ та қатысты. Қытайда отарлық әрекетіне қарсы Таипинг пен Боксер көтерілісі шықса да Француз- Ағылшын отары болудан құтыла алмады. АҚШ-тың Жапон порттарын саудаға ашу қысымы да бұл елдегі екіжүз жылдан астам келе жатқан Токугава шогунлығының күйреуіне себеп болды. Тек 1868-де билікке келген Меджи елді отызжылдың ішінде модерн мемлекетке айналдырды. 1894-де Қытайды жеңіп Корены басып алған Жапония, 1904-1905 соғысында Ресейді жеңіп отарлау дәуірінде шығыстық бір мемлекеттің батыстық бір мемлекетті жеңе алмайды деген хикаясын жоққа шығарды. Дәл осыған ұқсас 1857 жылы Англияның отары болған Үндістанда шетелдіктерге қарсы көтерілісте бірден нәтиже бермесе де кейіннен тәуелсіз Үндістанның құрылуына мүмкіншілік жасады.

Отарлау жарысына Алмания мен Италияның ұлыс мемлекет ретінде қалыптасуы даулікен әсер етті. Алман ханзадалары 1819-дан 1836 жылына дейін Алман мемлекетінің алғашқы сатысы болған Золлверенді(Алман Кеден Одағын) құрды. Алман княздары осы жобаның табысты жүзеге асқаннан кейін Пруссия жетекшілігінде Алман мемлекетін (Рейхін) құрды. 1862-де Принц Отто Фон Бисмарктың Пруссия канцлері болуымен Алман бірлігінің қалыптасында маңызды қадам болды. Бисмарк Австрия тысында Еуропадағы барлық Алман княздықтарын Пруссия төңірегіне топтастырды. Бисмарктың күш-жігерінің арқасында 18 қаңтар 1871 ж. Версаль сарайында І.Вильгельм Алман императорлық тәжін киді. Осылайша Алман ұлттық бірлігі құрылды. Алмания секілді қала мемлекеттерден тұратын Италияда Пиемонтелік қайраткер Конт Кавоур 1861-де Италия королдігін құрады. 1870-де Папалық бір мемлекет болған Рим Италия тарапынан басып алынып, одақ қалыптасады. Бұл одақтың қалыптасуында Кавоур секілді патриот қаһраандар Маззини мен

Гарибалдидің қарсылықтары да ықпал етті. Италия мен Алманияның пайда болуы Еуропадағы күштердің тепе-теңдігін өзгеруіне үлкен әсер етті.

Күштер тепе-теңдігі жүйесінің бұзылуы және дәстүрлі империялардың либерализмнің ұсынған еркін сауда режиміне тосқауыл болып тұруы І.дүниежүзілік соғыстың шығуына себеп болды. Әрине бұл жахандық соғыстың шығуына отарлау жарысына кеш қосылған Италия мен Алманияның өз үлестерін алу әрекеті еді. Ғасырдың басындағы Тунис, Босния мәселесі және Балкан соғыстары І.дүниежүзілік соғыстың хабаршылары секілді еді. Үлкен соғыстың келе жатқанын көрген Еуропа елдері әртүрлі одақтар құру арқылы дайындала бастады. Көптен күткен соғыс 28 маусым 1914 күні Австрия мұрагері Франц Фердинандтың Сараеводағы шеруі кезінде Босниялы ұлтшыл серб Гаврило Принцтің тапаншамен атып өлтіруімен басталады. Төрт жылға созылған үш құрылықта жүрген соғыста 9500000 адам құрбан болды. Бұл соғыс сол кездегі ең қанды соғыс ретінде тарихта қалды. Англия, Франция және соғыс жүріп жатқан кезде одаққа қосылған АҚШ-тың жеңіспен нәтиленген соғыста Османлы, Австрия-Венгрия және Ресей империялары ыдырады.

3.Халықаралық саясаттың дамуында Кант, Гоббс және Гроуиус философиялары.

Соғыстың соңғы кезеңінде АҚШ президенті Вудро Вилсонның 8 қаңтар 1918 жылы 14 принципті АҚШ конгресінде баяндауы арқылы халықаралық саясаттың дамуында үлкен өзгерістердің бастамасы болды. Еркін саудасаттықтың алдындағы кедергілерді алып тастау, ұлт пен ұлыстарға **self determinasyon** хаққын беру, қарулануды шектеу, келісім- шарттарды жария түрде жүргізу секілді баптар ғасырлардан бері айтылып келе жатқан либерал идеялардың соғыстан кейінгі жаңа тәртіптің, жүйенің кілті болатынына ишарасы еді. Бұл жаңа жүйе саясат білімі төңірегінде ғасырлардан бері Канттық және Гоббстық философия арасындағы дау-дамайда Канттық көзқарастардың үстем бола бастағанын көрсеткіші еді. Осы тұрғыда Канттық және Гоббстық философияларға назар аударған жөн. Т.Гоббс(1588-1679) «адам адамның қасқыры» (*Homo Homini Lupus*) сөзімен танымал болған. Материалист болған Гоббс Р.Дескартес, Г.Галилей секілді философтардың замандасы болған әрі олармен 1636-да танысқан. 1640тан 1651-ге дейінгі аралықтағы Кромвель кезеңіндегі Англияда өмір сүрген Гоббс сол кезеңдегі азаматтық соғыс пен төңкерістердің күегері болған. Сол қанды, әрі аумалы-төкпелі кезеңнің ащы тәжірбиелері мен позитивист білімінің ықпалымен Гоббс саясат білімінде пессемист реализмді тәмсіл етеді. Буржуазияның дамып келе жатқан кезде өмір сүрген Гоббс антиреволюционер болып аристократтарды жақтаған. Тәуратта аты Левифан деп аталатын жануардың атында Т.Гоббстың «Левифан» атты еңбегі бар. Левифан мемлекетті тәмсіл етеді. Гоббстың пікірінше адам жаратылысы тұрғысынан жаман, қаніпезер болғандықтан үнемі соғыс, қақтығыс ішінде өмір сүреді дейді. Олай болса, адамдар арасындағы соғысты тоқтату үшін күшті мемлекет болуы шарт. Алайда соғыстың бір күні аяқталатынын ойлау басқа бір ой- пікір

болады. Өйткені, мемлекет егемендігінен, тәуелсіздігінен әсте бас тартпайды. Бұл да халықаралық сахнаның үнемі анархия, хаоса болатынына ишара етеді. Бұл жағынан Гоббс халықаралық саясатта реалист теорияның өкілі санатына жатады.

Халықаралық саясатта идеализмнің жетекші өкілі саналатын Иммануэл Кант(1724- 1804) Гоббстың пікіріне қарағар пікірде болады. Оның ойынша адам баласының жаратылысы жақсы, жақсылықты іздеуші. Адамдардың топтасып құрған мемлекет те бейбітшілікті, жақсылықты іздейді. И.Канттың «Мәңгілік бейбітшілікке қатысты философиялық сынақ» атты еңбегінде ұдайы бейбітшілікті сақтау бәрінен бұрын ахлақи қажеттілік болып сипатталады. Анархияға толы мемлекеттердің бір күш тепе-теңдігін сақтап, бейбітшілікті құруы бос әурешілік. Бейбітшілік тек құқықи негізде қалыптасуы мүмкін. Бұл құқық үш түрлі: мемлекеттің ішіндегі конституциялық құқық; мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты реттейтін халықаралық құқық және тұлғаның өз мемлекеті және өзге мемлекеттермен байланысын реттейтін космополит құқық. Космополит құқықтың дамуы үшін барлық мемлекеттер бір конфедерация аясында топтасып, әлемдік мемлекет қалыптастыруы керек. бейбітшілікті, құқықты және интеграцияны мақсат еткен ой-пікірлерімен Кантты идеалист теорияның басшысы деуге болады. Гюго Гроциус болса, халықаралық саясатта теориялардың іргетасын Гоббс секілді пессимист реализмде, Кант секілді оптемист идеализмде емес, дипломатия мен халықаралық құқықтың жетілдіруінде қарастыратын ақылға сүйенеді.

Голландиялық құқықшы Гюго Гроциус соғыс тек өзін қорғау мақсатында, қарсы тарапты жазаландыру және тартып алынған мүлкі кері қайтарып алу жағдайларында ғана заңды бола алады. Осылайша мемлекеттер арасындағы қарым-қатынаста соңғы шара ретінде қолданылатын соғысты құқықи тұрғыдан баға берді.

Рим статусы тұрақты түрде халықаралық жаза соты ретінде 17 шілде 1998 жылы БҰҰ жетекшілігінде қабылданған болатын. Қол қойған мемлекеттерде болуы мүмкін соғыс қылмыстары, адамзатқа қарсы жасалған қылмыстар, геноцид пен басқыншылық қылмыстарын жазалайтын тұрақты халықаралық соттың қабылдаған үкім беру өкілеттігі мен құрылымы Рим статусы ретінде аталады.

Гуманитарлық құқықтың және 1999 жылы көптеген мемлекеттер тарапынан қол қойылған Рим статусымен адамзат тарихында алғаш рет тұрақты халықаралық жаза сотының құрылуы Гюго Гроциустың көзқарасын шындыққа айналдырар сипатта болып отыр.

4.Екі соғыстың арасындағы халықаралық саясат

Жаңа үлкен соғыстардың пайда болуын болдырмаудың жалғыз әдісі - либералды және демократиялық әлем құру деп санайтын Вильсонның пікірін бөлісетін ойшылдардың пікірінше, теңіздегі еркіндік, ашық дипломатия, еркін сауда, қарусыздану, бейбітшілікті тұрақты қылатын халықаралық ұйымды құру және отарлардың өз тағдырын өзі шешу арқылы тәуелсіздікке

қауышулары бейбітшілікке жетудің бірден-бір жолы.

Осы мұраттарды іске асыру үшін әмбебап ұйым құру идеясы Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1919 жылы Парижде өткен Бейбітшілік конференциясында талқыланды және қабылданды. Швейцарияда 1920 жылы 10 қаңтарда құрылған Ұлттар Лигасының мақсаты - мемлекеттер арасында туындауы мүмкін даулар мен жанжалдарды бейбіт әдістермен шешу арқылы бейбітшілікті сақтау және мүмкін болатын соғыстардың алдын алу. Соғысқа тыйым салмаған Ұлттар Лигасы Гюго Гроттустың «әділетті соғыс» деген қағидасына құрмет көрсетіп, конвенцияға қол қойған елдерге соғыс қимылдарын бастамастан бұрын Ұлттар Лигасы әзірлеген бітімгершілік ұсыныстарды назарға алуды мәжбүр етті. Ұлттар Лигасы конвенциясын бұзған мемлекетке сауда және қаржылық санкциялар қолданылатын болды. Ұлттар Лигасының құру туралы бастама көтерген АҚШ Сенаттан жеткілікті дауыстардың болмауына байланысты мүше бола алмады. 1917 жылғы Қазан төңкерісімен қираған Ресейдің орнына құрылған КСРО мүше мемлекеттер тарапынан ресми түрде танылмағандықтан 1934 жылға дейін мүше бола алмады. Түркия өтініш бермесе де халықаралық бейбітшілікке қосқан үлесі үшін арнайы шақырумен 1932 жылы Ұлттар Лигасына мүше болды. Осы оптимистік өзгерістерге қарамастан, 1929 жылы АҚШ-та пайда болған экономикалық дағдарыстың салдары бүкіл әлемді шарпып, халықаралық жүйеде үстемдік ете бастаған оптимизм нашарлай бастады. Италия, Испания және Португалия сияқты Жерорта теңізі елдері және Германия мен Жапонияда билікке келген асыра оңшыл үкіметтер экономикалық дағдарыс пен соғыстан кейін қол қойылған әділетсіз келісімдерден арып-ашқан халықтарға жалған уәде бере бастады. 1931 жылдың қыркүйегінде Жапонияның Оңтүстік Манчжурия темір жолына басып кіруі; 1934 жылы Сомали мен Эритреяда әскер шоғыландырған Италияның Эфиопиядағы қарапайым халыққа қарсы химиялық қару қолдана отырып шабуыл жасауы Ұлттар Лигасының халықаралық бейбітшілікті қаншалықты қорғай алатынын көрсететін бір сынақ болды. Ұлттар Лигасы бұл шабуылға қарсы түрлі экономикалық санкциялар салуға шешім қабылдағанымен, Италияның фашистік диктаторы Муссолини қанды соғыстың соңында өзін Эфиопияның императорымен деп жариялауы Италияға қарсы эмбарго ресми түрде алынып тасталды. Бұл оқиғалар Ұлттар Лигасының және оны дүниеге алып келген Канттық идеализм, күш пен мүдде іздейтін Гоббес реализміне жеңіліп қалғанын көрсетті.

Халықаралық қатынастардың білім саласы ретінде пайда болуы және методологиясы

19-ғасырда саясат білімі құқық білімінен дербес бір сала ретінде өз алдына дамығанын көреміз. Бұған себеп болған нәрсе де 19 ғасыр бойынша көбейе түскен әртүрлі халықаралық ұйымдардың құрылымы мен іс-әрекеттерін зерделеген ғалымдардың еңбектерінде «халықаралық» сөзіне ерекше мән беруі болды. Екінші бір себеп, Вена конгресінен кейінгі дипломатияның бейбітшілікке қосқан үлесі болды. Саясат білімімен шұғылданушылар

дипломатия тарихына қатысты тақырыптарды зерттей бастайды және ішкі саясат пен сыртқы саясат арасындағы айырмашылықтарды назарға ұсына бастайды. Осы зерттеулер ғылыми тұрғыда қолға алына бастаған соң 1859 жылы Оксфорд университетінде халықаралық құқық және дипломатия профессорлары халықаралық құқық және дипломатия кафедрасын құрады. Бұдан кейін АҚШ пен Ұлыбританияда осыған ұқсас кафедралар құрыла бастайды. Алайда алғашқы халықаралық қатынастар кафедрасы 1919 жылы Ұлыбританияда Галлер-Абериствит университетінде (*University College of Wales*) құрылады және сол кездегі АҚШ президенті Вудро Вилсонның атымен аталады. Бұл кафедра қаншалықты халықаралық деп аталғанмен І дүниежүзілік соғыстың соңына дейін халықаралық қатынастар саласы бойынша жасалған жұмыстар саясат білімі мен мемлекеттер құқығы білімінен алысқа бара алмады, теориялық бір қалып қалыптастыра алмады. Осы себепті халықаралық қатынастардың бір білім саласы ретінде пайда болуын І.дүниежүзілік соғыстың соңына, дисциплина ретінде теориялық дамуын ІІ.дүниежүзілік соғыстың соңы деп айтуға болады.

Эдвард Халлетт Каррдың 1939 жылы жарық көрген «Жиырма жылдық дағдарыс» кітабы - халықаралық қатынастардың саясаттану білімінен тәуелсіз академиялық пән ретінде пайда болуының хабаршысы еді. Кітапта бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі өзгерістер үшін Ұлттар Лигасын құрған Вилсондық либералды дүниетанымды айыптап, идеалистерді «утопияшылар» деп кінәлауда. Канттан бергі уақытқа дейін бірде-бір ойшыл өздерін идеалист деп айтпаған еді. Карр солар үшін айтқан осы ұғыммен халықаралық қатынастардың алғашқы пікірталасты бастады. Каррдың пікірінше, халықаралық жүйеде соғыс себептерін түсіну тек күштің бөлінуіндегі теңсіздікті дұрыс талдау арқылы ғана мүмкін болады. Күшке ұмтылу фактісін елемейтін идеалистік көзқарастар соғыстан кейінгі кезеңдегі статустан риза болмаған ревизионистік мемлекеттердің мүдделеріне қайшы келді, бұл да жаңа және үлкен соғысты туғызды. Каррдың бұл болжамы ІІ-дүниежүзілік соғыстың басталуымен шындыққа айналды.

Көріп отырғанымыздай, халықаралық қатынастар академиялық пән ретінде идеализм-реализм пікірталастарынан пайда болды. Алайда, Карр осы пікірталастың негізін қалаушы деп саналғанымен, кітап жаңа теорияны дамытудан гөрі идеализмнің кемшіліктерін сынаудан әріге бара алмады. Каррдан кейін Джордж Шварценбергер 1941 жылы жарық көрген «Күш саясаты» атты кітабында халықаралық саясаттағы күш ұғымының басымдылығын атап өтті. Ол құқықтың үстемдігі мен моральдық нормаларды халықаралық саясаттың тек қосалқы тұжырымдамасы ретінде ғана атап көрсетті. Халықаралық қатынастардағы реалистік теорияның нағыз негізін қалаушы - Ханс Дж.Моргентау. 1949 жылы жарияланған «Халықаралық саясат» атты кітабында Моргентау классикалық реализмнің негізгі қағидаларын атады.

Оның айтуынша, саясаттың тамыры адам табиғатында кездесетін объективтілікте жасырынған және оның мәні күш терминімен түсіндірілетін мүдде ұғымы болып табылады. Моргентау жемісті саясатты іске асыруда мораль мен шындық арасында үнемі шиеленіс бар екенін айтады. Мемлекеттер күшке

ұмтылады және оған қол жеткізу үшін кейде жалпыадамзаттық моральдық өлшемдерді елемейді. Мемлекет саясатының негізгі мотиві – мәңгілік өмір сүруді іздеу. Мәңгі өмір сүруге қол жеткізгісі келетін мемлекет әрқашан әскери күш іздейді. Әскери күштерді іздестіру саясатын жоғары саясат ретінде анықтай отырып, Моргентау барлық басқа салаларда, әсіресе экономикада әзірленген саясатты төмен саясат ретінде анықтайды. Моргентаудан кейін Николас Спикман және Джордж Ф.Кеннан сияқты ойшылдар да классикалық реализмге өз үлестерін қосты. Осы тұрғыда классикалық реализмнің негізгі ұғымдарына көз жіберу керек. Күш, мүдде, мәңгілік өміршендік және анархия секілді ұғымдар классикалық реализмнің негізгі ұғымдары болып табылады.

Күш дегеніміз – бір бірімен байланысы бар екі субъектінің бірінің екіншісіне, қаламаса да бір нәрсе жасата білу қабілеті. Күштің бар-жоғын тек осындай процестің нәтижесінде іс-әрекетінде өзгеріс болып жатса айтуға болады. Моргентаудың пікірінше, күшке ие әрі оны үнемі қолында ұстап тұра алатын мемлекеттер басқа мемлекеттерге психологиялық қысым жасау арқылы өздері қалаған саясатты таңдаттыру потенциалына ие болады. Күш - әскер мен қару-жарақ саны немесе байлық сияқты материалды бола алатыны сияқты, бедел, идеология немесе дін сияқты материалдық емес ресурстарға да негізделуі мүмкін.

Әрбір тіршілік иесінің басты мақсаты - тірі қалу, өмір сүру. Мемлекет те барлық тірі организмдер сияқты, ең алдымен өзінің өмірін сақтауға тырысады. Мемлекеттердің сыртқы саясаттағы басымдықтары - ыдырамай, басқыншылыққа ұшырамастан немесе қоғамның болмысына ауыр экономикалық дағдарыстың әсерін тигізбестен өмір сүру қабілетін сақтап қалу. Мемлекеттің өзін сақтап қалуы және өмір сүруі мағынасындағы мәңгілік ұғымы - классикалық реализмнің ең маңызды ұғымдарының бірі. Халықаралық саясаттағы анархия ұғымы мемлекетке әмір жүргізетін жоғары биліктің болмауын білдіреді. Өздерінен жоғары билікті мойындамайтын егемен мемлекеттер халықаралық сипатқа ие. Егемен бір күштің болмауына байланысты анархиялық деп саналатын халықаралық жүйе, ішкі заңдардағыдай қатаң санкциялар мен атқару күші бар құқықтық режимге бағынбайды. Дәстүрлі теориялар

- классикалық реализм мен идеализм - мемлекеттердің абсолютті егемендікке ие екендігіне және араларындағы қатынастар нәтижесінде пайда болатын жүйенің анархиялық болмысын көрсетеді. Гротius болса, керісінше, халықаралық қатынастардың негізінде анархиялы болғанын бірақ, түсінік, ортақ мүдде мен бейбіт тенденцияларға негізделген халықаралық құқықтың пайда болуымен анархияның шығаруы мүмкін соғыс тенденциясын болдырмауға болады дейді.

Деңгейлік тапсырмалар:

1–деңгейлік сұрақ. Халықаралық қатынастардың бір пән ретінде пайда болуын сипаттап көрсетіңіз. Идеализм көзқарасы реализмге қашан қалай жеңіліп қалды түсіндіріңіз.

1 –деңгейлік сұрақ. АҚШ президенті Вудро Вилсонның 1918-де «14 принципінің» Халықаралық саясаттағы орны мен маңызы.

1 –деңгейлік сұрақ. 1999 жылы көптеген мемлекеттер тарапынан қол қойылған Рим статусын ненің белгісі ретінде қарастыруға болады және оны сипаттап көрсетіңіз.

1 –деңгейлік сұрақ. Қырғи-қабақ соғыс кезінде және одан кейін халықаралық саясаттың қандай өзгерістерге ұшырағанын сипаттап көрсетіңіз.

1 –деңгейлік сұрақ. Гроттустың көзқарастарын/түсіндіріңіз/ дұрысқа шығаратындай сипаттағы Рим статусы қашан қабылданды және оның маңыздылығын өз сөзіңізбен жазыңыз.

1 –деңгейлік сұрақ. Рефлективист, немесе сынау теориясы Халықаралық саясаттағы орны мен маңызы Алғашқы халықаралық қатынастар кафедрасы қашан және қай жерде, қандай мақсатпен құрылғанын өз сөзіңізбен жазыңыз.

1 –деңгейлік сұрақ. Қырғи қабақ соғыс қашан бітті және халықаралық саясатқа тигізген әсерін тұжырымдаңыз.

2–деңгейлік сұрақ. Идеализм көзқарасы реализмге қашан қалай жеңіліп қалды түсіндіріңіз. Бодиннің айтуы бойынша егемендік не?

2–деңгейлік сұрақ. Гюго Гроттустың «әділ соғыс» қағидасын түсіндіріңіз 1815 жылы Вена конгресінің маңызын түсіндіріңіз

2–деңгейлік сұрақ. Халықаралық саясаттың дамуына Кант, Хоббес және Гроттустың философияларының қосқан үлестерін айтыңыз.

2–деңгейлік сұрақ. Күш дегеніміз не?

2–деңгейлік сұрақ. Ханс Дж.Моргентаудың халықаралық саясатқа қосқан үлесі.

2–деңгейлік сұрақ. Томас Хоббестің халықаралық саясат біліміне деген ұстанымын өз сөзіңізбен жазыңыз. Екі полярлы жүйенің Халықаралық саясаттағы орны мен маңызы

2–деңгейлік сұрақ. Иммануэл Канттың халықаралық саясат біліміне деген ұстанымын тұжырымдаңыз. Золлверен деген не түсіндіріңіз

3–деңгейлік сұрақ. Вестфалия келісім-шартының Халықаралық саясаттағы орны мен маңызы Гюго Гроттустың халықаралық құқыққа қосқан маңызды үлесі.

3–деңгейлік сұрақ. Күштер тепе-теңдігі жүйесі және оның бұзылуы.

3–деңгейлік сұрақ. Self determinasyon-ның халықаралық саясаттағы орны мен маңызы. Идеализм-реализм пікірталасы және оның нәтижесі.

3–деңгейлік сұрақ. Халықаралық саясат қандай қарым-қатынастарды зертейтін сала екендігін анықтаңыз.

3–деңгейлік сұрақ. Халықаралық қатынастар тарихының бастауы саналған Пелопонесс соғысының пайда болу себебін анықтаңыз.

3–деңгейлік сұрақ. Күш тепе-теңдігі жүйесі дегеніміз не, тарихтан мысалдар келтіріп түсіндіріңіз. Халықаралық саясат сөзіне анықтама беріңіз.

3–деңгейлік сұрақ. Ұлт пен ұлыстарға self determinasyon хаққын беру дегенді қалай түсінесіз?

ОБӨЖ тапсырмалары: Халықаралық саясатта методологиялық тартыс туралы жазыңыз.

БӨЖ тапсырмалары: Қырғи-қабақ соғыс кезінде және одан кейін халықаралық саясат.

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
- 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan, 7.C. S. Roach
- Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және бірге әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov

12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
13. Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
14. Ресейдің сыртқы саясаты (XI ғасырдың соңы XX ғасырдың басы), 2014,
15. М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
16. Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

1. Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
2. Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
3. Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
4. Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
5. İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
6. Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınları